

Алматы темір жол басқармасын тәуекелдік үшін төлемдер жөніндегі міндеттемелерден босату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 30 қараша N 1613. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.05.13. N 431 қаулысымен. ~P980431

Қазақстан Республикасына "Дружба" шекаралық темір жол өткелін техникалық жарақтандыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін Жапон Үкіметі бөлген кредит қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Соңғы займ иесі - Алматы темір жол басқармасы "Қазақстан Республикасының кепілдіктерін есепке алуды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 қарашадағы N 1300 қаулысымен бекітілген кредиттің өтелмеген қалдығы бойынша берілген кепілдіктің валютамен алғанда жылдық 1% мөлшерінде тәуекелдік үшін төлем жөніндегі міндеттемелерден босатылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі